

Қазақстан Республикасы Конституциясының мүлтіксіз сақталуы мен орындалуын қамтамасыз ету, оның қағидаларын насихаттау жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1996 жылғы 24 сәуір N 2958

1. Республиканың Үкіметі бір ай мерзімде:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_92-бабының 4-тармағын Конституцияны қолданылып жүрген заңдармен сәйкес келтіру бөлігінде бұлжытпай орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын;

2) Қазақстан Республикасы Конституциясын зерделеу мен насихаттау жоспарын әзірлеп, бекітетін болсын.

2. Президенттің Өкімшілігі мемлекеттік органдар мен мемлекеттің лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының Конституциясын сөзсіз және толығымен сақтауы мен орындауын бақылау жөніндегі қызметті жандандыратын болсын.

3. Республиканың Бас Прокуроры Үкімет, орталық атқарушы органдар, облыстар мен Алматы қаласы әкімдері актілерінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру, Қазақстан Республикасы Конституциясының бұлжытпай сақталуы мен орындалуы жөнінен қосымша шаралар қолдансын. Қорытындылары туралы Мемлекет басшысына баяндайтын болсын.

4. Сыртқы істер министрлігі Әділет министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының мемлекетаралық, парламентаралық, үкіметаралық және ведомствоаралық шарттарына олардың Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі жөнінен талдау жасасын және осы талдаудың қорытындылары негізінде тиісінше Президентке, Парламентке, Үкіметке, орталық атқарушы органдар мен Мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға қажетті ұсыныстар енгізсін.

5. Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттік:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясының мәтінін қазақ және орыс тілдерінде, Қазақстанда тұратын басқа ұлттардың тілдерінде жаппай таралыммен шығаруды одан әрі жалғастырсын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының қағидаларын түсіндіретін ғылыми-көпшілік, терминологиялық және анықтамалық әдебиеттер шығаруды ұйымдастырсын;

2) мемлекеттік органдардың осы өкімді іске асыру жөніндегі жұмысын жария ету жөнінде шаралар қолдансын.

6. Облыстардың, Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Республикасының

Конституциясын зерделеу мен насихаттаудың Республика Үкіметі бекітетін жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциясын халық арасында насихаттау жөніндегі шараларды жүзеге

асырсын.

7. Конституциялық Кеңестің төрағасы екі ай мерзімде Мемлекет басшысына конституциялық заңдылықтың елдегі жай-күйі туралы ақпарат беретін болсын.

8. Осы өкімнің атқарылуын бақылау Республиканың Мемлекеттік хатшысы А.Е.Есімовке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті